

Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 90 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2012 жылғы 17 шілдедегі № 222 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 21 тамызда № 7867 тіркелді . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 405-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 76 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 04.09.2024 № 405-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 17.09.2024 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына және "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тексеру парағының ұсынған нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат және мұрағат комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен соң оның ресми түрде жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат және мұрағат комитеті төрағасына жүктелсін (Б.С. Калианбеков).

4. Осы бұйрық ресми түрде алғашқы жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

министрінің м.а.

_____ Д. Мыңбай

_____ М. Әбілқасымова

2012 жылғы 29 маусым 2012 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
2012 жылғы 29 маусымдағы № 90
және Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
сауда министрінің м.а.
2012 жылғы 17 шілдедегі № 222
бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Нысан

**Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің
тексеру парағы**

Ескерту. Тексеру парағының нысанына - өзгеріс енгізілді ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 07.11.2013 № 260 және ҚР Өңірлік даму министрінің 13.11.2013 № 302/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Тексеру субъектісінің атауы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі, Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Тұрған жерінің мекен – жайы _____

Т/т.№	Талаптар	Қойылатын талаптарға сәйкес келеді (+)	Талаптарға сәйкес келмейді (-)
Тексеру субъектілерге қойылатын жалпы талаптар			
1.	Ақпараттың келесі түрлерін жария етпеу жөніндегі талаптарды сақтау:		
1.1	өзін өзіне қол жұмсауды насихаттайтын;		
	қатыгездік пен зорлықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни,		

1.2	тектік-топтық және рулық артықшылдықты насихаттайтын;		
1.3	Конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуды, насихаттайтын;		
1.4	экстремизмді немесе терроризмді насихаттайтын;		
1.5	ұлтаралық және конфессияаралық алауыздықты қоздыратын;		
2.	Порнографиялық және а р н а й ы сексуалды-эротикалық сипаттағы кино және бейне өнімді жария ететін теле-, радиобағдарламалар, теле-, радиоарналар жария етпеу жөніндегі талаптарды сақтау		
3.	Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" Заңына сәйкес "Е 18" деп белгіленетін фильмдерді жергілікті уақыт бойынша 6.00 дан бастап 22.00–қа дейін таратпау		
4.	Егер де өзге телерадио хабарларын тарату операторлары мен құқық иегері болып табылатын теле-радиокомпания арасында жасалған шартта көзделмеген болса теле-, радиоарнаның, теле-, радиобағдарламаның мазмұнына өзгертулерді енгізбей қайта көрсету		
5.	Кабельді телерадио хабарларын тарату операторларымен және теле-радиокомпаниямен міндетті теле-, радиоарналарды өзара		

	есептесу негізінде көрсету		
6.	Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы "Жарнама туралы" Заңына сәйкес келетін жарнаманы тарату		
7.	Көлемі кадр алаңының он бес пайызынан аспайтын, қосымша ақпаратты тарату		
Телерадио хабарларын тарату операторлары үшін талаптар			
8.	Телерадио хабарларын тарату операторларымен міндетті теле-, радиоарналардың таратылуы		
9.	Теле-, радиоарнаның, телерадио бағдарламаларды таратуға телерадио хабарларын тарату операторы мен құқық иегері болып табылатын теле-, радиокөпмания арасында жасалған шарттың болуы		
10.	Мүдделі органда есепке қойылған шетелдік теле-, радиоарналарды тарату		
Теле-, радиокөпманиялар үшін талаптар			
11.	Қазақ тіліндегі теле-, радиобағдарламалардың жұма сайынғы көлемін және уақыт аралығын сақтау/немесе қазақ тіліндегі негізгі дыбыстық сүйемелдеу ретінде дыбыстық сүйемелдеудің көп арналық берілуін пайдалану		
12.	Жаңалықтар сипатындағы кем дегенде бір телебағдарлама сурдоаудармамен немесе субтитрлер түріндегі аудармамен тарату		
	Теле-, радиоарна меншік иесінің кіретін есігі бөлек		

13.	<p>үй-жайлар мен орындарға немесе оны жалға алуға, оның ішінде:</p> <p>телерадио хабарларын таратудың жұмыс істеуі үшін қажетті техникалық құралдарды орналастыруға және пайдалануға арналған арнайы үй-жайларды (студиялық, аппараттық, қосымша);</p> <p>шығармашылық персоналына (редакциялық) арналған үй-жайларды;</p> <p>әкімшілік-басқару персоналына арналған үй-жайларды жалға алуға мүліктік құқықтарын растайтын құжаттардың болуы</p>		
14.	<p>Отандық теле-, радиоарналардың апта сайынғы хабар тарату көлемінде шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын тарату теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспауы</p>		
15.	<p>Алты ай ішінде трансляцияланатын және ретрансляцияланатын т е л е - , радиобағдарламаларды таспаға басу және сақтау</p>		

Тексеруді жүргізген _____

(лауазымы) (Аты, Тегі, Әкесінің аты - (қолы)

бар болса (бұдан әрі – А.Т.Ә.)

М.О.

талаптардың бұзылғандығы айқындалған жағдайда....құрастырған

күні мен нөмірі көрсетіледі от (" " _____ 20__ жылғы № _____)

Тексерудің қорытындыларымен таныстым (келісемін/келіспеймін)

(А.Т.Ә.) (қолы)

" " _____ 20__ жыл

Тексеру қорытындылары бойынша тексерілетін субъект _____
(субъектің атауы)
("+ " белгісімен белгілеу керек) тобына ауыстырылады:

тәуекел деңгейі жоғары	тәуекел деңгейі орташа	тәуекел деңгейі елеулі емес
---------------------------	---------------------------	--------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК